

**ҰЛТТЫҚ РУХ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ
ЖОЛЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ
КЕЗЕҢДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



Құндызай ЕРИМБЕТОВА

*ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.д., Астана қ.*

Тәуелсіздік қазақ халқының бостандыққа биік талпынысының жемісі. Ол табанды іс-қимылдар нәтижесі. Қазақ жадында сақталған Орбұлақ пен Аңырақайдағы даңқты тарихи жеңістер де бостандықтың ақ туы астында жүзеге асырылды. Елдікті сақтап қалу рухы отарлаушы ел қарымына іліккен XVI–XVII ғасырлардан бастап, жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылығы тұсында және отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарда көрініс берді. Бұл жеңіс жүздеген жылдарға созылған, Кенесары хан, Сыздық төре, Сырым батыр, Исатай, Есет, Жанқожа батырлар бастаған үздіксіз күрестен Амангелді Иманов, Әбдіғапар Жанбосынұлы, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықұлы, Омар Шолақұлы бастаған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына дейін нығая түссе, кейінгі кезеңде тәуелсіздік тұғырын көтеру жолындағы рухани-мәдени талпыныстармен қоса жалғасын тапты.

Махамбеттің өлеңдері, ұлы күйші Құрманғазының сазды әуені жеңістің бостандыққа деген сүйіспеншілікке жетелесе, мұра болған биік рух Алаштың интеллектуалдық әлеуеті жоғары азаматтарын қазақ автономиясын құруға итермеледі. Кеңестік дәуірдегі Ұлы Отан соғысы кезеңінде даланың қыздары мен ұлдары ерлік көрсетті. Ұлттық күйдің сазды әуені халықтың рухын нығайтты. Тоталитаризмнің ескі жүйесіне қарсы тұрды және желтоқсан көтерілісіне шығарды [1]. Мұның барлығы халық рухының күші еді. Мәселен, 1986 жылғы көтеріліс желтоқсанның үш күнімен шектелмейтіні айқын: «...Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етті, ұлттық сананы өсірді, ұлттық рухты жандандырды. «Желтоқсан-1986» – ұлт-азаттық қозғалысының құрамды бөлігі, оның азаттық пен бостандыққа апаратын ұзақ жолының биік бір белесі» [2]. Отандық тарихшылар тарапынан ұлт-азаттық қозғалыстарына тарихнамалық пайым, оның зерттеу методологиясы саралануда, ұлт мәртебесінің рөлін айшықтауда жеке тұжырымдар жасалуда.

Биік ерліктің үлгілері әрбір кезеңде тарихи мүмкіншіліктерді пайдалануға және тәуелсіз мемлекетті құруға жұмылдырды. Елімізді тәуелсіздікке жеткізген басты күш – ұлттық мүдде үшін болған күрес және оның сақталуын қастерлеу бірлік пен ынтымақ арқылы жүзеге асырылды. Бұқараны да, би мен батырды да иілткен ел тұтастығы. Қандай ел мен елді мекен болсын алауыздықтар мен алалау көп ішінде немесе жеке тұлғаларға қатысты болатыны заңдылық. Қазақ елінің отарлануына байланысты негізгі себепті өзара ішкі қырқысу мен талас-тартысқа тіреп қою тарихты тікелей бұрмалау болып табылады. Ондай деректер әсіресе ел дәстүрін сырттай бағдарлаған шетелдік зерттеушілер еңбегінде қылаң береді. Қазақ тарихының барлық кезеңінде өзекті мәселелерге байланысты ұлттық мүдде тұрғысындағы зерттеу жұмысы жүргізіліп келді. Бірақ Ресей империясы одан соң большевизм дәуірінде сол метрополия мен одақтың идеологиялық мұраттарына негізделіп, солардың мүддесі қанағаттандырылды. Қазақтардың арасында бірліктің сақталуына бірден бір маңызды фактор ел ішіндегі ақсақалдық, билер қызметі – құқықтық реттеудің, қазылықтың және жарастырушылықтың үлкен қоғамдық мәнге ие болу, батырлардың (ешқашан мұрагерлікке берілу мүмкін емес) – әскер көсемдерінің үлкен беделі мен саяси ықпал жасау дәстүрі. Мысалы 1889 жылы сұлтан Т. Сейдалиев «ақсақал» деген сөздің бір ауылдастар үшін заңдық күші болды, сондықтан оның әмірі сөзсіз орындалып отырды, өйтпеген жағдайда олардың қай-қайсысы да өз ақсақалын тыңдамағаны үшін соның жазасына және өз туыстарының тарапынан қудалануға ұшырайтын. «Ақсақал» терминімен белгіленетін атақтың қазақтарда үлкен ақыл-парасаттық құндылығы бар, кезінде мал бағудан жан-жақты білімі мен бай тәжірибесі бар адамдар алатын болған. Көшпелі мал шаруашылық жағдайында мұндай қасиеттер міндетті түрде малды шоғырландыру мен жеке адамның материалдық қамтамасыз етілуінің аса маңызды факторына айналды [3].

Қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы батысында орыс, шығысында Қытай, желке тұсынан жоңғар дүрбелең салғанда, ата-мекенін қорғау мүддесінен туындады. Ресейдің кең байтақ далаға көз тігуі салдарынан туындаған империялық отарлау саясаты І Петрдің тұсында қалыптасып, өзге халықтарды отарлау саясатының тұжырымдамасы жасалынды. Мемлекет ішіндегі өзара қырқысуларға алғышарттар жасалынды. Тарихи мәліметтерден белгілісі 1718 жылы Әз Тәукенің қайтыс болуына байланысты оның мұрагерлері Болат (1718–1730) пен Әбілмәмбет (1730–1771) арасындағы берекесіз іс-қимылдарды Ресей қырағы қадағалап отырғандықтан І Петр 1722 жылы: «Бұл орда (қазақ хандығы) – Бүкіл Азия елдері мен иеліктері жолын ашатын кілт және кіретін қақпа» ретінде, «мейлі, миллионнан асын, орасан зор шығынға карамай, бодандыққа алу керектігін» нығарлап, тапсырма береді. Ал А. Стоцкий болса бұған: «орыс емес (өзге) халықтарды ұлт ретінде жоқ қылып жіберу саясаты» деген баға берген екен [4].

Аңырақай жеңісіне карамастан жоңғар басқыншылығы қазақ қоғамының элеуметтік қатынастарында терең із қалдырғаны анық. Дербес шаруашылық жүргізу мүмкіндігінен айырылғандар тіршілік көздерін іздеп батысқа, орыс

шекараларына қашты, Орта Азия хандықтарынан баспана іздеулеріне де мәжбүр болғандар тағдыры бөлек мәселе. Кезінде Қазақ тарихының метрополия, Одақ мүддесі тұрғысынан талдануы біртұтас тарихи көзқарастардың қалыптаспау салдарынан көптеген мәселелердің ішінде ұлт-азаттық қозғалысына байланысты да объективті талдауларға кедергілер болды немесе тыйым салынды [5].

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалыстарын кезеңдерге бөлінбей-ақ жеке дара қарастырылғанның өзінде Сырым, Исатай мен Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Есет және т.б. бастаған көтерілістердің мақсаттары ортақ болғандықтан да Атырауды, Арқаны, Сыр бойын бір-бірімен жалғаса қазақ елін тұтас қамтып, өзара тығыз байланыста болғандығы және әлемдік (Алжир, Польша, Қытай, Үндістандағы және т.б.) ұлт-азаттық қозғалысымен мүдделілік жағынан үндестік табуы, яғни дүниежүзілік отарлық жүйеге қарсы күрестің құрамды бөлігі ретінде айқындалды.

Қазақ жеріне орыстардың етене енуі еркін отарлау және ресми отарлау кезеңінен тұратыны тарихтан белгілі. Мәселен, Т. Шонанұлы кеңестік төңкеріске дейінгі орыстардың қазақ даласын талау тарихын екіге бөліп көрсетеді: Біріншісі, орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін, яғни атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. Екіншісі, XIX ғасырдың 80–90 жылдарынан бастап патша құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі. Қазақтардың көндікпеген «отырықшылығы» туралы түрлі сын ескерпе мен келемеждерге қарсы, ел жайын білмейтін, үстірт ойлы, тарих заңдылығын түсіне алмаушылық ретінде қарап, Т. Шонанұлы былай дейді: «...Қазақ бұл күнге шейін ерігіп көшіп жүрген жоқ. Тұрмыс, табиғат заңдары қазақты амалсыз көшіріп келді. Қазақтың көшуін «дағды» дей-ақ қоялық. Ал дағдының өзі не? Дағды дегеніміз – салттың бір атасының ұлы. Қазақ көшпелі болуының да арқауы – тіршілік жабдығы өндіріс қатынастары болмақшы. Қазақ жер қадірін жақсы біледі. «Жер – анасы, мал – баласы» жерден айрыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айрылғандай жермен қоштасады» [6]. Отаршылдар халықтың берекесін кетірді. «Келімсек қоныстанушыларға қырғыздардың қыстаулары мен жазғы жайылымдарының арасынан, топырағы мен өсімдігінің сапасы жағынан керемет жерлердің, отарлау мақсатымен бөлініп берілуі, қырғыздарды малдарын жеткілікті мөлшерде күтіп семірту мүмкіндігінен айырып, жер пайдалану жүйесінде жанға бататын қысылтаяң жағдайға душар етті [7]. Әскери отарлаудың нәтижесінде бүкіл Қазақстан аумағы казак әскерлерімен толтырылып, жаңа әскери бекіністер, форпостар мен редуттар салына бастады. Отарлық әкімшіліктің қазақтардың жерін жаппай талан-таражға салу ісі XIX ғасырдың 70–90 жылдары аралығында Орал, Торғай облыстарында да жүргізілді. Патшалық әкімшілік қазақ даласын «...казак қоныстары арқылы отарлау жүйесі өзіне алғаш жүктелген міндетті табыспен орындады; ал кейін жергілікті жағдайлардың өзгеруіне байланысты, бұл әдіспен отарлауды жалғастыру пайдаға қол жеткізбейтініне» орай, «қырғыз даласын орыстардың отарлауы қажеттілік екенін, бірақ өлке-

дегі казак қоныстарының патша үкіметінің отарлау мақсатын қанағаттандыра алмайтынын түсініп, өлкеге орыстарды қоныстандыру үшін еркін отарлауға жол беру керек» деген пікірге келді [8].

Сыртқы шапқыншылыққа қарсы күрес жауынгерлік дәстүрді ежелгі кезеңнен қалыптастырды. Тарихи жағдайларға байланысты тәуелсіздік пен саяси дербестік басты мұрат болды. Осыған орай, Отан тарихындағы алғашқы іргелі зерттеу қорытындыларының бірі 1943 жылғы М. Абдықалықов пен А. Панкратова редакциясымен шыққан Қазақ ССР тарихында қазақтардың ресейлік отарлыққа қарсы қозғалыстары нақты дәуірлерге бөлінбегенімен, ерекше ірі қозғалыс ошақтарына байланысты сараланады [9].

Қазақ халқының ресейлік отарлыққа қарсы негізгі ұлт-азаттық қозғалыстарын мөлшермен төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

1. XVIII ғасырдың 1-жартысы жоңғар шапқыншылығы мен патшалық Ресейге бодандануға қарсы күресі;
2. XIX ғасырдың 1-жартысындағы қазақтардың азаттық күресі;
3. XIX ғасырдың 50-жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалысы;
4. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

Азаттық үшін болған күрестер құлдыққа бас ұрғызбады, 1590–1990 жж. аралығындағы Ресей империясы және кеңестік тоталитаризм кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысының сатылары, белестері, асуларын академик М.Қ. Қозыбаев шартты түрде жеті кезеңге бөліп қарастырады [10]. Атап айтқанда:

1. Қазақ құрамына кірген тайпалардың Ібір-Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысы...Сібір халқы шапқыншыларға қарсы 1590–1617 жылдар арасында ғана 30-дан астам қарсылық көрсеткен.

2. Жоңғарлармен соғыс Отан соғысы болып басталып, қазақ елінің қалың бөлігін азат етуге ұласты, ұлт-азаттық қозғалыс үш жүзді біріктірді, ұлттық дәрежеге көтерді.

3. Ресейге қосылу қиын да ұзақ жол кешті. Халық бастаушы ел билеуші топтың өзі екіге бөлінді, олардың қалың тобы Ресейге қосылуға қарсылық білдірді. Бұл кезеңде де ұлт-азаттық қозғалысты тұншықтыра алмады.

4. Қазақ сахарасын отарлау саясаты толығынан қалыптасты. Хандық билік жойылды. Саяси дағдарыс, қазақ мемлекеттілігінің соңғы атрибуттарының жойылуы, халықтың тұтастығы ыдырап, Ресей әкімшілік жүйесіне енді, Сырым Датов, Исатай Тайманов көтерілістері және т.б.

5. Ұлт-азаттық қозғалыс қазақ мемлекеттілігі, халықтың бірлігі үшін өрбиді. Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс Еуропаға даңқы жеткен ең ірі қозғалыстардың бірі болды.

6. Халық қарсылығын еуропалық бағытпен дамытпақ болған реформатор зиялы қауым тобы қалыптаса бастады. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысы азаттық революцияға ұласты. Бұл ұлт-азаттық қозғалысының ең шыңы болды.

7. 1917 жылы ақпан және қазан төңкерісі азаматтық қарама-қарсылық кезінде дамыды, ал күшпен ұжымдастыру кезеңінде 370-тен астам шаруалар қарсылығы өріс алды.

Заманауи кезең зерттеушілері қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрес тарихын бір жағынан отандық тарих ғылымының жетістіктерін саралау, екінші жағынан азаттық күрестің «мемлекет» және «мемлекеттілік» ұғымдарымен байланыстылығы арқылы біртұтас талдауды негізге алады. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс тарихының хронологиялық кезеңдерін анықтауда көтеріліс кезеңіндегі елдің ішкі және сыртқы жағдайы, халықтың ой-санасы мен түсінігінің ерекшеліктері ескерілуі қажет екендігі заңдылық. Осы тұста зерттеуге жаңаша тыныс беруде ғалым-тарихшылар алдында қазақтардың ұлт-азаттық күресін бүтіндей, біртұтас қарастыру қажеттілігі туындайды. Ал кейінгі кезеңдерде іргелі тарихи зерттеулер қорытындылары бойынша елді тәуелсіздікке жеткізген қазақтардың ұлт-азаттық қоғалысын төмендегідей кезеңдерге бөлу өзектілігі алға тартылады:

I кезең – 1731–1847 жж.; II кезең – 1847 ж. – XIX ғ. соңы; III кезең – XX ғ. басы – 1940 жж.; V кезең – 1950-ші және XX ғ. 1990 жж.

Үздіксіз жүргізілген азаттық күресінің негізі мемлекеттілік нышандарымыз, әсіресе территорияны, халықты, басқару жүйесін сақтау мақсатымен тікелей байланысты қазақ мемлекеттілігінің дәстүрлік институттарын, қазақ қоғамының тұрақтылығы мен территория тұтастығы үшін болғаны анық. Дәл осындай ұлттық мүдде топ пен тапты (кедей-шаруа-зиялы қауым т.б.), ру мен руды, жүз бен жүзді біріктірді. Күрес – ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпалды күш болды десе де болады.

Кезінде Орталық Азияны патшалы Ресей жаулап алғаннан кейін 1885 жылы-ақ замандастары монархист деп есептеген Н.И. Веселовский нақты шындықты бақылап саралай білген екен: «Міне әскери басқару жүзеге асырылды... Біз өркениет енгіздік деп ойлаймыз., біз өзіміздің бағындырған азиаттарды бейбіт тұрмысқа, тыныштық, қауіпсіздікке жеткіздік деп ойлаймыз... Бірақ бұлардан да жоғары тұрған жоғарғы игілік бар. Ол ұлт, ұлттық сезім... Бағындырылған мұсылмандардың жағдайына кіру қажет. Саяси құрдымға кету өте қиын, одан да қиыны ұлт ретінде жойылу. Біздің билігіміз тұсында өзіндік дамуынан ажырап отыр. Ұлтты қандай да бір ырыс-берекемен ауыстыруға бола ма? Біздің билікке қарсы өрттің тұтануына таңғалуға бола ма?.. Халық тоқ па, әлде киімі бүтін немесе аш екеніне байланыссыз іштен жарылатын – ұлттық мүдде бар» [11].

Қандай да болмасын азаттық күресінің әрбір кезеңі – қазақ халқының егемендік пен тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілісі, бабалар өмірі мен тағдыры із қалдырған тұтастай тарихи үрдіс болып табылады. Мәселен, 1905 жылы Мәскеудегі жергілікті және қала қайраткерлерінің съезінде Әлихан Бөкейханның баяндамасынан үзінді келтірсек: «Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік өзге елдің патша үкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады... Қазақ-қырғыздың көтерілісі қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды. Қалың елді қарғыс атқан билесе, қанды саясат қолданса, бұған қарсы ел де толқиды. Бұл сықылды қозғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болды. Жер үстінде бай мен жарлы табының тартысы күн санап өрттей дулап келеді. Өрт қиырға жайылып

барады... Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!» [12].

Халықты азаттыққа жетелеген – рухани күш, тарихи сана, ұрпақтар сабақтастығының жемісі. Ендеше ұлт-азаттық көтерілісін кезеңдеудің нақты ережелерін жасау да мүмкін емес, бірақ шартты түрде әрбір тарихи кезеңдегі ел тәуелсіздігі үшін болған күрестің алғы шарттары мен қол бастаушы тұлғалардың тағдырымен, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайларды сыртқы саясатпен қоса қарастыру және әрбір кезеңнің ерекше сипаттарын топтастыру мен жүйелеу болашақта жасалынатын зерттеу тақырыбының еншісі болып отыр. Бір ғана тұлға төңірегінде ұлт-азаттық көтерілістің мәні мен мазмұнын ашу мүмкін емес. Ұлттың сақталуына қауіп төндірген факторлар мен тетіктер зерделенгенде ғана басты тұлғалары мен кезеңделуі айшықталуы мүмкін. Мұрағаттардағы құпия болып келген қор материалдарының зерттеуші қолына жетуі де көп мәселені шешпекші. Мәселен, Қытайда қытай ғалымдары әлі зерттеп үлгермеген дүниелерге басқа зерттеушілерге көшірме жасатпайды екен. Қытайтанушы, ғалым Клара Хафизова өз ойын былайша білдіреді: «...Кезінде қазақ жеріндегі Жетісу өңірі үшін Ресей мен Қытай арасында бәсекелестік болды. Сөйтіп, Ресей Орталық Азия мен Жетісуды, Қытай Шығыс Түркістан мен Жоңғарияны өздерінше бөліп алады. Меніңше, қазіргі таңда ең бір зерттеуді талап ететін мәселе – осы» [13]. Мәселені қорытындылағанда:

Ұлт-азаттық көтерілісін дәуірлеу тікелей ұлт тарихының дәуірлеуінің қағидаларына сәйкестендіріле, Еуразиялық кеңістікте орналасуымызға байланысты туындаған этникалық, экономикалық және саяси үрдістерді қозғалысқа келтіретін адами құндылық мәселелерін алға тарту шарт. Яғни тақырып аясында отандық интеллектуалды әлеуеттің ортақ пікірге келуі тиіс. Себебі:

– Заманауи кезеңдегі әлем жұртшылығының қазақ өркениетіне қызығушылығы артып отыр, шетелдік ғалымдарды ойландыратын сұрақтардың бірі қазақтың «мың өліп, мың тірілуінің» құпиясы.

– Азаттыққа халық пен олардың адами құндылықтар әлеуетінің деңгейі арқылы қол жеткізгенді ескерсек, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының «ақ-таңдақ» беттерін зерттеу нысанына айналдыру да болашақтың міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Путь свободы и ответственности // Казахстанская правда, 16 декабря, 2008 г.
2. М. Қозыбаев. Киелі Тәуелсіздік. Алматы, 2009. 130-б.
3. Сейдалиев Т. Описание киргиз-кайсацкого быта (1889 ж. қолжазба). Э.А. Масановтың жеке мұрағаты. 10-п. // Қазақстан тарихы (Очерктер). А., «Дәуір», 1994. 206-б.
4. Қ.Р. Аманжолов. Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап. Алматы: «Білім», 2005. 368-б., 4-б.
5. М. Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап. Алматы «Қазақстан», 1994. 20-б.
6. Т. Шонанұлы. Шығ. жинағы. Алматы, «Ел-шежіре», 2007. 368 б.
7. Тургайская газета. 1903. №26.

8. ҚР ОМА. 4-қор. 1-т. 490-іс. 45-п.
9. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней), под редакцией М. Абдыкалыкова, А. Панкратова. А., 1943. с. 7.
10. М. Қозыбаев. Ұлт-азаттық қозғалысының белестері // Жауды шаптым ту байлап. Алматы, «Қазақстан», 1994. 22-27 бб.
11. Мажитов С. Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII – начала XX вв. В Казахстане. Алматы, 2007. С. 250.
12. Ә. Бөкейханов, Шестаков, 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына (1916–1926). Мәскеу, 1926.
13. К. Хафизова. Құдайы көрші // kazakh_adebiety@mail.ru